

# Алқап күні: жаңа мүмкіндіктер

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Рәшит Әкімов пен Германия Федеративтік Республикасының Қазақстан Республикасындағы вице-елшісі Михаэль Банцхаф Шағалалы селосында неміс аграрлық орталығы өткізген Алқап күніне қатысып, сөз сөйлеп, ауыл шаруашылығы саласын дамытуда екі ел арасындағы ынтымақты байланыстардың одан әрі нығая түсуіне мүдделілік танытты.



**Рамазан ТІЛЕУОВ,**

«Алқап ақсабы»

Алқап күніне ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Александр Тевс басқаратын неміс аграрлық орталығы жоғары деңгейде дайындалған екен. Өздерінің ауыл шаруашылығы техникаларын жұмыс барысында көрсету үшін 40 гектар алқапқа дәнді және майлы дақылдардың түр-түрін өсіріпті. Дегенмен, күн жаңбырлы болып, бұл шараны Шағалалы агротехникалық колледжі мен аграрлық орталықтың маңында өткізуге тура келді.

–Неміс аграрлық орталығы облыстың ауыл шаруашылығы мамандарын даярлауда үлкен жұмыстар атқаруда. Олар аз уақыттың ішінде 63 семинар өткізіп, 1200 адамды оқытып үлгерді. Қазіргі жағдайда осы заманғы жер өңдеудің технологиясы мен машина-трактор паркінің шет елдік қондырғыларының аграрлық бизнесті өркендетуі мүмкін емес. Солтүстік Қазақстанда астық өсіретін негізгі өңірлердің бірі – біздің облыстың қол жеткізген табыстары осындай көрмелер мен қазіргі заманғы озық техника мен технологияға тікелей байланысты. Сондықтан, бірлесе атқарған жұмысымыз бұдан да жемісті бола түседі деген үміттеміз, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары Рәшит Әкімов өз сөзінде. Бұдан кейін сөз алған Михаэль Банцхаф Шағалалы селосында 2011 жылдың қыркүйегінде құрылған неміс аграрлық орталығы Қазақстан мен Германия арасындағы сенім мен бірлескен жұмыстың арқасында жедел дамып келе жатқанын жеткізді.

–Аграрлық орталық біздің аграршылар өзара тәжірибе алмасатын тамаша орын. Мұнда неміс кәсіпкерлері мен сарапшылары келіп, білім мен инновация трансфертіне қатысады. Неміс аграрлық орталығы Қазақстан экономикасын әртараптандыруға өзінің сүбелі үлесін қосуда. Бүгінгі Алқап күні де қатысушыларға осы заманғы неміс техникасының күш-қуатымен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұнда аграрлық орталық айналысатын өсімдіктердің озық түрлері, оларды зиянкестерден қорғайтын дәрі-дәрмектер, мал шаруашылығы өнімдері, жемшөп және неміс тауар өндірушілерінің өзге де өнімдері жөнінде мәлімет алуға болады. Биылғы жылы орталық өткізген 23 семинарға бес жүзден астам аграрлық саланың кәсіпкерлері қатысты. Бұл жыл өткен сайын қатысушылар саны 20 пайызға артып келе жатқанын көрсетеді. Мұндай табыс Қазақстан Рес-



публикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің, аграрлық саланың кәсіпкерлері мен орталық басшыларының қатысуымен мүмкін болмас еді, – деді вице-елші.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі өсімдік және егін шаруашылығы департаментінің директоры Анна Буц өз сөзінде бүгінгі таңда Елбасымыз ерекше назар аударып отырған ауыл шаруашылығы саласы жедел дамып келе жатқанына тоқталды.

–Биылғы жылы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту үшін «Агробизнес-2020» бағдарламасы қабылданды. Мұнда бұл саланы дамытуға бағытталған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ел қазынасына валюта түсіру сияқты бірқатар шаралар қарастырылған. Биыл тек өсімдік өсіруді дамытуға 35 миллиардқа жуық теңге субсидия бағытталды. Ал, бағдарлама бойынша 2020 жылға дейін 450 миллиард теңге бөлінбекші. Дегенмен, тиімді өндірісті қамтамасыз ету ауыл шаруашылығы өнімін өндіруде қазіргі заманғы технологияны енгізу сияқты отандық аграрлық сектордың инновациялық дамуымен мүмкін емес. Кең байтақ құнарлы жерге неміс технологиясы мен халықаралық «Ноухау» енгізу Қазақстанның ауыл шаруашылығы үшін тиімді іс. Бүгін де осындай жақсы мүмкіндіктер ұсынылуда. Неміс технологиясы мен қазіргі заманғы жаңа техникалар біздің еліміздің ауыл шаруашылығында толық қолданылатын болады. Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамыту барысында қолданылатын жаңа технология енгізу және ауыл шаруашылығының жаңа техникаларын сатып алу сияқты бірқатар шаралар бойынша мемлекеттік қолдаудың көптеген бағыттары қарастырылған. Биылғы жылдан бастап ауыл шаруашылығын

субсидиялау лизингісінің сыйақы ставкасы бойынша жаңа бағдарлама енгізілді. Ауыл шаруашылығының тауар өндірушілері жанар-жағармай, өсімдікті қорғайтын дәрі-дәрмектер, тыңайтқыштар мен тұқым сатып алуын субсидиялау бойынша бағдарлама жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығы құрылымдарын қаржылай сауықтыру және қаржымен қамтамасыз ету бойынша шаралар қарастырылған. Егер ғылым, білім және өндіріс арасында өзара ынтымақтастық байланыс болмаса, мұның бәрі ешқандай нәтиже бермейді, – деді департамент директоры.

Бұдан кейін сөз сөйлеген Федеральдық министрліктің «Азық-түлік, ауыл шаруашылығы және Германия тұтынушыларының құқын қорғау» бағдарламасының басшысы Инге Герке мен Қазақстандағы қазіргі заманғы әдістер мен технологияны дамыту қауымдастығының мүшесі Йорг Фошепот өз сөздерінде ақмоалық аграршыларды шет ел техникасына үйретіп, біліктіліктерін арттырумен айналысып келе жатқан орталықтың қол жеткізген табыстары жөнінде айта келіп, Қазақстанның егіншілік шаруашылығын дамытуға бұдан да зор үлес қосатындарына сенім білдірді. Бұдан соң орталықпен бірлесе жұмыс істейтін «CLAAS», «Рапуль Қазақстан», «Аграрье», «Джон Дир» компанияларының Қазақстандағы өкілдіктерінің басшылары өздерінің ауыл шаруашылығы техникалары мен технологиялары, дәнді және майлы дақылдар тұқымдары, өсімдіктерді қорғайтын дәрі-дәрмектері мен тыңайтқыштары жөнінде жан-жақты мағлұмат берді. Алқап күніне қатысушылар арнайы көрмені аралап көріп, іскерлік әңгімелер жүргізді.

**Суретті түсірген Қайрат ҚАЗИАҚПАРОВ.**  
Зеренді ауданы.